

**"Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 441 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 643-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Медициналық қызмет	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
---	--------------------	--

".

реттік нөмірлері 7 және 8-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 16 және 17-жолдармен толықтырылсын:

16	Ақпарат қызметі	Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
17	Байланыс қызметі	

"

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*